



Көшірме №\_\_\_\_\_

«Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамының  
Сапа саласындағы  
**САЯСАТЫ**

«Біздің ұстанымымыз - парасаттылық, сапа, әділеттілік,  
жариялыштылық, үткірлік және инновациялық даму»

Университеттің саясаты: Ұлттық зерттеу университетіне айналу үшін жоғары білікті мамандарды дайындау, білім алушылар мен жұмыс берушілердің қажеттіліктерін қанағаттандыру және «өмір бойы сапалы білім алу» қағидатын жүзеге асыруды қамтамасыз ету, ғылыми - зерттеулерді жүргізу, техникалық, әлеуметтік-экономикалық және ауылшаруашылық дамытудың басымды бағыттары бойынша әзірлемелерді дайындау және олардың нәтижелерін өндіріске енгізу болып табылады.

Саясатты жүзеге асыру үшін университет басшылығы келесі қағидаларды анықтады:

- сыйбайлас жемқорлық көріністерінің кез келген түріне төзбеушілік қағидасы сыйбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің алдын алудың басқарушылық және үйімдастырушулық негіздерін, сондай-ақ олардың салдарларын барынша азайту шараларын белгілейді;
- тұтынушылардың талғамына сай болу қағидасы білім беру жағдайларын жақсарту, көп сатылы және қосымша кәсіби білім беру, сонымен қатар зияткерлік есү, қоғамдық және спорттық салыға белсене қатысу, тиімді білім беру қызметтерін қамтамасыз ету, еңбек нарығына және тұлектерді жұмысқа орналастыруға мониторинг жүргізуге негізделеді;
- үдерістік және жүйелік тәсілдеме қағидасы білім беру үдерісінің мониторингіне, студенттердің білім сапасын тексеру нәтижелеріне және университеттің жоғары басшылық тараҧынан білім беру қызметіне үнемі талдау жасауға негізделеді;
- қызметкерлерді еңбекке тарту қағидасы шығармашылық еңбекке ынталандыру, ПОҚ мен қызметкерлердің әлеуметтік және тұрмыстық жағдайларын жақсарту, олардың біліктіліктерін арттыру, мәдени-бұқаралық және сауықтыру іс-шараларын жүргізуге негізделеді;
- білім беру мен ғылыми қызметті үнемі жақсарту қағидасын жүзеге асыру үшін материалдық-техникалық базаны жақсарту, ПОҚ мен қызметкерлердің біліктіліктерін арттыру, оқу үдерісін үйімдастыру деңгейін жоғарлату мақсатында сапа менеджменті жүйесін өндіру жолымен іске асырылады;
- қызмет көрсетушілермен өзара тиімді қарым-қатынастар орнату қағидасы университетте жоғары білім беру саласындағы қызметтер туралы шынайы ақпараттарды беруге, жоғары және арнайы орта оқу орындарына түсуге арналған дайындық жұмыстарын жүргізуге негізделеді;
- фактілерге негізделген шешімдер қабылдау қағидасы университеттегі білім беру үдерісінің сапасы туралы мониторингтің нәтижелері негізінде басшылыққа шынайы және толық ақпарат беруге негізделеді.
- Басшылықтың ролі университеттің даму стратегиясын анықтау, ресурстарды бөлу, жұмыс орындарын құру, шетелдік әріптестермен және тұтынушы-серіктестермен байланыстарды қалыптастыру және нығайту арқылы қадағаланады.
- Жоғарғы басшылық сапа менеджмент жүйесіндегі саясатты Университет қызметкерлеріне жеткізе отырып, оны барлық қызметкерлердің түсінетініне және орындастынына толық сенім білдіреді.

Басқарма Төрағасы-Ректор



А. Күрішбаев

Алматы, 2024